

Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тақырыбы: С.Мұратбеков «Жусан иісі», О.Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімелері
Оқу мақсаты

6.2.4.1 - әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.

6.1.2.1 - әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

6.2.1.1 - шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.

6.2.4.1 - табиғат көрінісін сипаттап жазып, экологиялық құндылықты анықтау..

Бағалау критерийі

- Көркемдегіш құралдарды пайдаланып, мәтін (табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап) жазады.
- Идеясы арқылы шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды
 - Нақты эпизодтың маңыздылығын ашады

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану, жинақтау

1-тапсырма. С.Мұратбековтің «Жусан иісі» шығармасындағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазыңыз.

Шығармадағы табиғат көрінісі	
Оқиға орны	
Кейіпкер бейнесі	

2-тапсырма. О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасында көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені берілген үзінділер арқылы түсіндіріңіз.

Шығармадан үзінділер	Идеясы
«...Тортай тау басында бұзау бағып жүріп, көкжиекке қарап, таудың ар жағына көз тігеді. Тортай – арманшыл бала. Тау артындағы Моңғолияға барып, ондағы халық бұл екеуін құшақ жайып күтіп алса, тойдырып тамақтандырса, қыдырсақ деп арманға батады да сөзін көрген түсімен баяндайды. Түсінде ақ боз ат көрген ол өңінде де сондай ат мінгісі келетінін айтады. Бірақ, бұл үмітіне күдікпен қарайтын еді...»	
«..Күзде ауылдың бар баласы оқуға аттанғанда, тауда бұзауын бағып тек бір Тортай ғана қалған. Осы сәтте автордың өкініші сөз болады. Өзімен бірге ертіп алып кете ала алмайтынына налып, өкінеді. Тортай досына өзінің сүйікті кітабын сыйға тартып тұрып: «Мен үшін де оқы, бәлкім мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің», - дейді...»	

3-тапсырма.

Екі шығармада берілген табиғат көрінісін бүгінгі экологиялық жағдаймен байланыстырып мәтін жаз. Сөз саны 50-60.

Дескриптор

Бағалау критерийі	Тап-сырма	Дескриптор	Балл
Көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.	1	<i>Білім алушы</i>	
		- шығармадағы табиғат көрінісін сипаттап жазады;	1
		- оқиға орнын сипаттап жазады;	1
		- кейіпкер бейнесін сипаттап жазады;	1
Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені берілген үзінділер арқылы түсіндіріңіз.	2	- көркемдегіш құралдарды қолданады.	1
		- идеясы арқылы шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтайды;	1
Екі шығармада берілген табиғат көрінісін бүгінгі экологиялық жағдаймен байланыстырып мәтін жазады.	3	-нақты эпизодтың маңыздылығын ашады.	1
		- табиғат көрінісін салыстырды;	1
		- экологиялық мәселе жайында ойын білдірді.	1
		- құрылымын, көлемін сақтады.	1
Барлығы		- қатесіз, сауатты жазды.	1
			10